

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ
1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ
ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

№ 1 (2023)

ПАВЛОДАР

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org/10.48081/YPJZ1948>

Бас редакторы – главный редактор

Аубакирова Р. Ж.

д.п.н. РФ, к.п.н. РК, профессор

Заместитель главного редактора

Жуматаева Е., *д.п.н., профессор*

Ответственный секретарь

Антикеева С. К., *PhD доктор*

Редакция алкасы – Редакционная коллегия

Магауова А. С.,

д.п.н., профессор

Бекмагамбетова Р. К.,

д.п.н., профессор

Фоминых Н. Ю.,

д.п.н., профессор (Россия)

Снопкова Е. И.,

к.п.н., профессор (Белоруссия)

Костюнина А. А.,

к.п.н., доцент (Республика Алтай)

Оспанова Н. Н.,

к.п.н., доцент

Куанышева Б. Т.

доктор PhD

Омарова А. Р.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

FTAMP 14.15.15

<https://doi.org/10.48081/QFSQ5001>

***А. А. Мұсағажинова¹, А. М. Тұрлыбекова²,
Ж. Д. Қабиденова³, Ж. Д. Жүкешева⁴, М. Е. Нурғалиева⁵**

^{1,2,3,5}Торайғыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.;

⁴Қазақ технология және бизнес университеті,

Қазақстан Республикасы, Астана қ.

*e-mail: musagazhinova@bk.ru

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ИНКЛЮЗИВТІ САЯСАТТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ: ЖАҒДАЙЫ МЕН БОЛАШАҒЫ

Мақалада Қазақстандағы инклюзивті білім беру мәселелері және аталған мәселеге жеткіліксіз көңіл бөлуге байланысты туындайтын проблемалар, оны әрі қарай шешу мәселелері қарастырылады. Инклюзивті білім беруді енгізу қажеттілігін түсіне отырып, ерекше қажеттіліктері бар балаларды дәстүрлі оқыту жағдайларына бейімдеу шаралары қабылданады.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар мен қарапайым, яғни дені сау балаларды бірге оқыту әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ету үшін қажет. Инклюзивті сипаттағы мектепке дейінгі оқыту мүгедектік санаттағы адамдарға шыдамдылықты тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Инклюзивті білім беру жүйесі өзара қарым-қатынастың ең жоғары деңгейіне бағытталған, сонымен бірге әрбір оқушы қиын жағдайда көмек көрсетілетіне сене алады.

Бірақ та, инклюзивті білім беру жүйесінде мұғалімдердің дәстүрлі оқыту әдістерін өзгертуге дайын еместігіне байланысты әлі де шешілмеген мәселелер бар болып отыр. Қарапайым оқушылардың ата-аналары олардың балаларының көп жағдайда ерекше қажеттіліктері бар балалармен бір сыныпта оқуына қарсы. Көптеген мектептерде қажетті жабдықтардың болмауы, сондай-ақ оқу және тұрмыстық қажетті материалдарды сатып алуға қаражат болмағандықтан, қаржылық жағдай тағы бір мәселе болып қала береді. Сондықтан әлеуметтік өмірдің осы мәселесін қарастыру егжей-тегжейлі және жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

Кілтті сөздер: инклюзивті білім беру, арнайы білім беру, балаларды әлеуметтендіру, бейімделу, инклюзивті саясат.

Кіріспе

Қазіргі кезде инклюзивті оқыту мәселесі барлық жерде дерлік өзекті болып келеді. Бұл жағдай біздің елімізде де еленбей қалмады. Осы жағдай өзіне назар салуды қажет етеді, себебі туа сала және жүре пайда болған кемшіліктері бар балалар елімізде жыл өткен сайын өсуде. Мемлекетіміз бұндай балалардың даму кезеңіндегі қандай да бір кемшіліктерді ертеректен диагностикалау және дененің компенсаторлық функциялары арқылы осы кемшіліктерді ертеректен түзету міндеттерін қояды. Білім беру жүйесі өз кезегінде балалардың бұл санатын қолдан келгенше бұқаралық балабақшаларда, жалпыға білім беру мектептерде, кәсіптік лицейлерде және ЖОО-да білім беруде енгізуге тиіс. Мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтендірілуі клиникалық тәсіл шеңберінде қалыптасты, онда шектеулі мүмкіндіктер паталогия, дамудың бұзылуы ретінде қарастырылады, бұл өз кезегінде емдеуді және арнайы қызметтерді қажет етеді. Бұл тәсіл баланың әлеуметтік жағдайын әлсіретеді және оның әлеуметтік жағынан төмен екендігін күшейтеді. Арнайы білім беру, бір жағынан, ауытқулары бар балаларды әлеуметтік қорғаудың элементі болып табылады және оларға бір уақытта емделуге және оқуға мүмкіндік береді. Екіншіден, арнайы білім беру, ерекше қажеттіліктері бар балаларды мамандандырылған мектептерге бөлу, интернаттарға орналастыру қалыптасқан әлеуметтік құрылымның көбеюіне ықпал етеді, онда адамдар кейіннен шектеулі мәртебе позицияларын алады. Керісінше, инклюзивті білім беру балаларға бағытталған жүйені дамытуға тырысады және бүкіл балалар әр алуан оқу қажеттіліктері бар жеке адамдар екенін мойындайды. Инклюзивті білім беру оқытудың әр алуан қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін икемді болатын оқыту мен оқу тәсілін дайындауға бағытталған. Инклюзивті білім беру енгізетін өзгерістер оқыту мен оқу тәсілі тиімдірек болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалармен ғана шектелмей барлық балалар жеңіске жетеді [1]. Жалпы білім беретін мектепте оқып, қалыпты дамып келе жатқан сыныптастардың арасында, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға достары, сыныптастары, ауладағы дені сау балалар сияқты сезінуге мүмкіндік береді. Қоғам мүмкіндігі шектеулі балаларды білім алу, қабілеттерін, талантын дамыту және ең бастысы қарапайым балалармен қарым-қатынас жасау мүмкіндігінен айыруға құқығы жоқ. Енді даму мүмкіндігі шектеулі балаларды жабық интернаттарға бермей, оларды қарапайым балабақшалар мен мектептерге беру мүмкіндігі пайда болды. Бұл дегеніміз инклюзивті білім. Олардың мәселелерін шешудің бір жолы – Қазақстан 2008 жылы қол

қойған Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенцияда айтылған инклюзивті (оның ішінде интеграцияланған білім беру) идеясын ілгерілетті.

Материалдар мен әдістер

Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру саласындағы үрдістер мен құбылыстарды сапалы зерделеу үшін инклюзивті білім беру саясатын іске асыру жолындағы мамандандырылған мекемелердің қызметін, сондай – ақ инклюзивті білім беру ұйымдарының қызметін құруды жалпылау, білім беру кеңістігіндегі педагогикалық кадрларды даярлау (біліктілікті арттыру курстарынан өту және т.б.) сияқты жүйелі тәсілдер қолданылады.

Зерттеудің эксперименттік бөлігінде Қазақстандағы оқу орнының бірінде оқытушылар мен білім алушылар арасында сауалнама жүргізіліп, инклюзивті білім беру жағдайын қарастыру және болашақтағы дамуының сапалы жетілдірілуі туралы ақпарат жиналды.

Нәтижелер және талқылау

Әлемнің көптеген елдерінде барлық дерлік мектептер инклюзивті, дегенмен Қазақстанда инклюзивті білім беру алғашқы қадамдарын ғана жасап келеді. Қазіргі уақытта Қазақстанда жергілікті бюджеттер қаржыландыратын психологиялық, медициналық және педагогикалық консультациялар жұмыс жасайды. Осы консультацияларға әдістемелік басшылық Алматыда орналасқан республикалық психологиялық, медициналық және педагогикалық консультацияларға бекітілген. Бүгін Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі 161 мыңнан астам балалар бар. Бұл балалар үшін арнайы білім беру ұйымдарының желісі құрылды: арнайы мектептер мен мектепке дейінгі мекемелер салынды. 99 арнайы мектеп жұмыс істейді, онда 15 мыңға жуық бала оқиды. 42 арнайы мектепке дейінгі мекемелер бар, ал қалған балалар инклюзия жағдайында жалпы білім беретін мектептерде оқиды. Жалпы, бүгінде мектептердің 70 %-ы инклюзивті білім беруге жағдай жасап отыр.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналан мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, 2025 жылға қарай мектептердің, балабақшалардың 100 %-ы және колледждер мен жоғары оқу орындарының 70 %-ы инклюзивті білім беру үшін жағдай жасауы тиіс. Инклюзивті білім беру – қазіргі адамның санасындағы төңкеріс және ашық демократиялық мемлекеттердің таңдауы. Инклюзивті білім беру БҰҰ-ның бірқатар конвенциялары қолдайтын жаһандық қозғалыс, «ұлттық білім беру саясатына шолу» басылымында атап өтілген [2].

2011 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін республика өңірлерінде Сорос Қорының қолдауымен жалпы орта білім беру жүйесінің басшылары үшін «Инклюзивті білім беру: халықаралық практика және Қазақстанда

іске асыру жолдары» тақырыбы бойынша дөңгелек үстелдер бағдарламасы жұмыс істейді. Халықаралық ұйымдар Қазақстанда басқа Орталық Азия республикаларымен салыстырғанда инклюзивті білім беруді енгізу процесі өте белсенді жүріп жатқанын атап өтті. Социологиялық сауалнамалардың нәтижесі көрсеткендей, қазақстандықтардың басым көпшілігі бұл балалар тезірек дамып, қоғамға ену үшін қарапайым ортада оқуы керек деп санайды.

Бірақ бүгінгі таңда білім алу жолында мүмкіндігі шектеулі балалар үшін кедергілер болып табылатын проблемалар жеткілікті. Қазақстанның қоғамы мүгедек балаларды қабылдауға білім беру жүйесінің дайын еместігін жақсы біледі. Ерекше балаға қол жетімділігі үшін ортаны жаңарту мен арнайы жабдықтар қажет. Жаңа жүйеде жұмыс істей алатын педагог кадрларды даярлау мәселесі де өткір тұр. Қазір жылына мыңға дейін дефектолог мамандар дайындалады. Ең мықты оқу, әдістемелік орталық Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. Мамандарды қайта даярлау ҰҒПБО базасында жүргізіледі. Жакында Ақтөбе педагогикалық институтында Дефектология кафедрасы ашылды. Олардың басты міндеті – түзету педагогикасымен практикада айналысатындарды оқытудың сапасы. Шынында да, бүгінгі балаларды 10-20 жыл бұрынғы балалармен салыстыруға келмейді, өйткені, әлем өзгерді, компьютер мен жаңа байланыс құралдары біздің өмірімізге енді. Балалардың екі санатындағы, яғни дені сау және мүгедектігі бар балалардың ата-аналары да қолдауды, балаларды бірлесіп оқытуға дұрыс көзқарасты қалыптастыруды қажет етеді.

Дамыған елдердің тәжірибесінде көрсетілгендей, толыққанды инклюзивті топтар мен сыныптардың ұйымдастырылуы мүмкін және ұйымдастырылуы керек, бастысы – олардың өмір сүруіне ыңғайлы жағдай жасау, сондай-ақ осы гуманистік идеяның сәтті жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге арналған ересектерді ынталандыру. Бұл мәселе әсіресе біздің әлеуметтік ортамызға белгілі бір физикалық ерекшеліктері бар адамдарды тарту қызметінде көрінеді. Мүгедектік ұғымы негізінде кемістікті білдіреді, біз бұл адамдардан көптеген кемшіліктер көріп тұрамыз, оған кейін олар өздері де сене бастайды. Олар үшін оқуда, өзін-өзі дамытуда, спортпен шұғылдануда мүмкіндіктер аз. Қарапайым адамдардың мүгедектерге деген көзқарасы біржақты, оларда ағат пікір, теріс түсінік қалыптасқан. Сонымен қатар, біздің қоғамда бұл көзқарас бала кезден бастап солай қалыптасып, дамиды. Бұл мәселені шешудің ықтимал нұсқаларының бірі Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамыту болып табылады, ол мыналарға бағытталған:

- мүмкіндігі шектеулі балаларды білім беру процесіне тарту;
- мүгедек балаларды қазіргі қоғамға бейімдеу;

- мүгедек балаларда өзін қазіргі қоғамда сенімді позициялауға белсенді мінез-құлық көзқарасын қалыптастыру;

- өз кемшіліктерін абыройға, құндылыққа айналдыру мүмкіндігі;

- қазіргі қоғамның мүмкіндігі шектеулі жандарға деген көзқарасының өзгеруі.

Инклюзивті саясат – бұл ата-аналарға мектеп тандауға мүмкіндік беретін құқықтық саясат. Таяу шет елдерде және біздің елімізде жүргізілген зерттеулер көрсеткендей, қазір барлық ата-аналар балаларын жалпы білім беру жүйесіне бергісі келмейді, өйткені олар өзiрге тек арнайы білім беру жүйесінде қажетті жағдайлар жасалғанын түсінеді [3, 31 б.]. Қазақстанда инклюзивті білім беруді енгізу жолында шешілмеген бірқатар проблемалар мен кедергілер әлі де бар:

- мүмкіндігі шектеулі балаларға дұрыс қарамау;

- арнайы дайындалған педагогикалық құрамның болмауы;

- оқу орындарының материалдық-техникалық және әдістемелік жабдықталуының өте төмен деңгейі;

- физикалық қол жетімділік кедергісі;

- мемлекеттік стандарттың қатаң талаптары.

Оқушылардың жетістіктерін бағалаудың кең ауқымды жүйесін енгізу интеллектегі даму нормасынан әр түрлі артта қалған балаларды жалпы ағымға қосуға мүмкіндік береді. Бастапқы кезеңде мемлекеттің басты міндеті ғылыми-педагогикалық қоғамдастық пен жалпы қоғам арасында ақпараттық ағарту жұмыстарын жүргізу болып табылады. Нормативтік-құқықтық базаны оқыту материалдарын құру, оқытушылар құрамын даярлау, инклюзивті білім беруді енгізудің отандық және шетелдік тәжірибесін зерделеу Қазақстанға біртіндеп сауатты оқыту жүйесін құруға мүмкіндік береді. Мамандар инклюзивті білім беру жүйесін жоспарлы дамытуды қолдайды. Бұл ретте олар арнайы мектептерді толығымен жабудың және барлық мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін мектепке ауыстырудың мүмкін еместігін атап өтеді [4, 67 б.].

Кейбір адамдар үшін инклюзивті білім беру жүйесі қарапайым балалардың оқу сапасының төмендеуіне байланысты алаңдаушылық тудырады. Алайда, мамандар инклюзивті білім беру процесінің барлық қатысушыларын қанағаттандыра отырып, оқытудың жоғары сапасын қамтамасыз етуге арналған деп сендіреді және түсіндіреді. Келешекте ҚР Білім беру жүйесіне инклюзивті білім беруді енгізу жөніндегі бағдарламаны іске асыруды дұрыс ұйымдастыру кезінде жоғарыда аталған процестің барлық қатысушылары үшін оң нәтижелер береді.

Инклюзивті білім беру - ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерді ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс. Мемлекет инклюзивті білім берудің мақсаттарын іске асыра отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар азаматтарға білім алу, дамудың бұзылуын түзету және білім берудің барлық деңгейлерінде әлеуметтік бейімделу үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді. Инклюзивті білім әр балаға, оның қажеттіліктеріне және басқа жағдайларға қарамастан, өзінің әлеуеті мен білім алу құқығын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Инклюзивті білім берудің артықшылығы – оқушыларды араластыру болып табылады. Қарым-қатынас – оқытудың бастапқы нүктесі. Мұғалімдер балалармен, оқушылар мұғаліммен және бір-бірімен қарым-қатынас жасауы керек [5, 84 б.].

Педагогтар мен ата-аналарға ғылыми-әдістемелік, ұйымдастырушылық-консультациялық көмек көрсету үшін инклюзивті білім беру бойынша 7 ресурстық орталық (Ақтөбе-1, Ақмола-1, Қарағанды-1, БҚО-2, Қызылорда-1, Қаз ҰПУ-1) құрылды.

Қазіргі уақытта ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға түзету-педагогикалық көмек көмектеседі: 1 оңалту орталығы, 207 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті, 82 психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес [6].

ТЖКБ жүйесінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар қатарынан кадрлар даярлауды 178 колледж жүргізеді. Студенттердің осы санатының контингенті шамамен алғанда 3 мың адамды құрайды. «Дефектология» мамандығы шеңберінде кадрлар даярлау еліміздің 17 жоғары оқу орнында жүргізіледі. Сонымен қатар, педагогтардың біліктілігін арттыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Педагог кадрлардың біліктілігін арттырудың барлық курстарының тыңдаушылары үшін инклюзивті білім беру бойынша міндетті дәрістер әзірленді және енгізілді.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға білім беруге қолжетімділікті электрондық оқыту жүйесі, қашықтықтан білім беру де қамтамасыз етеді. Үйде оқитын балалар қажетті бағдарламалық-техникалық құралдар да алады. Тірек-қимыл аппараты бұзылған балалар үшін жеке қозғалыс құралдары, арнайы пернетақталар мен манипуляторлар сатып алынады; есту қабілеті бұзылған балалар үшін-есту аппараттары, микрофоны бар дыбысты күшейтетін жүйе, тифлотехникалық құралдар алынады. Республикалық бюджет есебінен 6 мыңнан астам мүгедек балалар оқуға қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін ақпараттық қамтамасыз ету құралдары, оның ішінде принтерлер мен брайль дисплейлері, оқу машиналары мен үлкейту құрылғылары, электрондық үлкейткіштер, сөйлеу арқылы экранды

үлкейту құрылғылары және т.б. компьютерлік техникамен және жабдықпен қамтамасыз етілді.

Қазіргі уақытта республикадағы арнайы білім беру ұйымдарының жартысына жуығы мүмкіндігі шектеулі балалардың танымдық дамуын ынталандыратын мультимедиялық білім беру жүйелерімен жабдықталған. Арнайы мектептердің 20 %-ында ғана интерактивті тақталар орнатылған. Арнайы мектептердің шамамен 95 %-интернетке қол жеткізе алады. Арнайы білім беру ұйымдарының 41 %-ы логопедтік тренажерлармен, 37 % – есту-сөйлеу тренажерларымен жабдықталған [7].

2021 жылғы 25 ақпанда ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің V отырысында Мемлекет басшысы елімізде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың (ОР) саны артып келе жатқанын атап өтті. Президент сондай-ақ ОР бар балаларға арналған мамандандырылған ұйымдардың жұмыс істеуі бойынша қолданыстағы нормалар ескіргенін атап өтті. Осыған байланысты Мемлекет басшысы өңірлердің ерекшеліктерін және қазіргі заманғы стандарттарды ескере отырып, осы саладағы нормативтерді жаңартуды тапсырды.

Сонымен қатар, Президент мүгедектігі бар адамдарды жүйелі қолдау прогрессивті және әлеуметтік жауапты мемлекеттерге тән екенін атап өткен болатын. Мемлекет басшысы елімізде тиісті мекемелер, оның ішінде тексеріс жүргізуден және оңалтудан өту үшін жеткіліксіз екенін атап өтті. Бүгінгі таңда бір психологиялық-медициналық және педагогикалық комиссия 60 мың баланы қамтиды. Президенттің пікірінше, жұмыс тиімділігін арттыру үшін кәсіби көмекке мұқтаж балалар сапалы қызмет ала алуы үшін бұл нормативті 50 мың балаға дейін төмендету керек. Сол кезде Мемлекет басшысы ЕҚБ бар балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысын енгізу керектігін атап өтті [8].

Осы заң жобасында ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін арнайы оқу бағдарламалары әзірленетін болады, олар үшін жеке-дамытушы бағдарламалар дайындалатын болады, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу енгізілетін болады. Бұдан басқа, мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысын қаржыландырудың жан басына шаққандағы нормативі әзірленетін болады. Бұл шараларды заңнамалық ресімдеу ерекше қажеттіліктері бар балаларға сапалы инклюзивті білім алу мүмкіндіктерін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Жоғары білім беру жүйесі мектепке дейінгі білім беру мекемелерімен және орта мектептермен қатар инклюзивті білім беруді ұйымдастыру жөніндегі заңнамада көзделген іс-шараларға да енгізілген. Қазақстанның көптеген университеттерінде мүмкіндігі шектеулі студенттер мен

мүгедектерді инклюзивті оқыту үшін жағдай жасау бойынша арнайы жұмыстар белсенді түрде жүргізілуде.

Жоғары оқу орындары әр студенттің жеке қабілеттері мен дайындық деңгейіне байланысты жоғары гуманитарлық немесе техникалық білім алуға мүмкіндік береді.

ЖОО-да инклюзивті білім беру ерекше стратегияларды көздейді:

- оқытудың барлық кезеңдерінде жалпы топтарда бірлескен дәріс сабақтары арқылы университет ортасына интеграция қарастырылған;
- жоғары білімнің барлық деңгейлері қолжетімді: бакалавр, магистратура, докторантура;
- экономикалық тәуелсіз және елдің дамуына өз үлесін қосуға қабілетті зияткерлік еңбек мамандарын даярлау.

Мүмкіндігі шектеулі адамдарды оқытудың негізгі шарттарының бірі инклюзивті білім беру жүйесінде кедергісіз орта құру және тиісті техникалық жарактандыру болып табылады. Бұл үшін аудиторияға қол жетімді және оқу орнының аумағында еркін қозғалысты қамтамасыз ете алатын арнайы жабдықтар мен құрылғылар арналған. Оларға қоршаулар, тұтқалар, пандустар, баспалдақ көтергіштер, автоматты есік ашқыштар және т.б. есту немесе көру қабілеті шектеулі студенттер үшін білім беру процесін жеңілдететін бірқатар техникалық құрылғылар қарастырылған.


Торайгыров университеті (Павлодар қ.) де ерекшелік болып табылмайды, онда еліміздің басқа да жоғары оқу орындарында студенттерді, мүмкіндігі шектеулі магистранттарды, оның ішінде техникалық жарактандыруды қамтамасыз ету үшін қажетті жағдайлар жасалады, инклюзия мәселелері бойынша оқытушыларды арнайы курстарда оқыту ұйымдастырылады, сонымен қатар еріктілерді оқыту жүргізіледі. Әрбір осындай студентке жеке білім беру бағдарламаларын әзірлеуді қамтамасыз ететін және бүкіл оқу кезеңінде білім алушылармен бірге жүретін тьютор бекітілген.

«Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 1 маусымдағы № 348 бұйрығы бекітілген. Осы бұйрыққа сәйкес жоғары және техникалық және кәсіптік білім берудің «инклюзивті білім беру» және «арнайы психология» пәндерінің педагогикалық мамандықтарының оқу жоспарларына жоғары оқу орындарында осы мамандықтарды қамтитын арнайы құрылымдық бөлімше құрылуы тиіс. Бұл жерде мүгедектердің білім беру процесін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мақсатында штаттық қызметкерлер-тьютор, арнайы психолог, сурдоаудармашы дайындалады [9].

Инклюзивті білім беру жүйесінің іске асырылуы мен жай-күйі туралы мәселені зерттеу мақсатында Торайғыров университетінің профессорлық-оқытушылық құрамы мен білім алушылары арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнама денсаулығының мүмкіндіктері шектеулі студенттерді оқытуға оқытушылардың әдістемелік тұрғыдан қамтылуы, профессорлық-оқытушылық құрамның біліктілікті арттырудың арнайы курстарынан өтуінің қажеттілігі, білім алуға қажет техникалық жарактандыру туралы сұрақтардан және т.б. сұрақтардан құрастырылды.

Сауалнамаға барлығы 70 оқытушы қатысты, оның ішінде 60 % – техникалық оқыту кафедраларынан, 17,1 % – әлеуметтік-гуманитарлық бағыттан, 12,9 % – филологиялық мамандық оқытушыларынан болды. Сауалнамаға қатысқан оқытушылардың 35,7 % – кәсіби жұмыс өтілі – 20 жылдан астам, 21,4 % – 15-20 жыл, 15,7 % – 5 жылға дейін, 14,3 % – 10–14 жыл және 12,9 % – 5–9 жыл (1 сурет).

Сіздің Жоғары мектептегі оқытушылық жұмысыңыз: / Ваш стаж преподавательской работы в высшей школе:
70 ответов




Сурет 1 – Кәсіби жұмыс өтілі

Сауалнама нәтижелері бойынша бүгінгі таңда оқытушылардың 86%-ы мүмкіндіктері шектеулі студенттерді оқыту бойынша арнайы курстардан өтпеген, сонымен бірге 85,7 %-ы бұндай арнайы дайындықтан өтуге қызығушылық танытады (2 сурет).

Сіз мүгедектерді жоғары оқу орнында оқыту мәселелері бойынша біліктілікті арттыруға қызығушылық танытасыз ба? / Заинтересован...о вопросам вузовского обучения инвалидов?

70 ответов



Сурет 2 – Оқуға деген қызығушылық

Оқытушылар құрамындағы респонденттердің басым бөлігі (77,1 %) денсаулық жағдайы бойынша мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың жоғары білім алуға деген ынталарын қолдайды және оларды оқыту үшін арнайы курстардан өту, моральдық-психологиялық қолдау беруге әзірліктерін танытты. Сауалнамаға қатысқандардың 50 %-ы мүмкіндігі шектеулі студенттерді оқытудың ең дұрыс шешімі күндізгі оқу форматында деп санайды, ал (47,1 %) «әдеттегі, қалыпты» жоғары оқу орындарының «әдеттегі, қалыпты» топтарында оқуы дұрыс деп есептейді. Сонымен бірге, 25,7 % ДМШ (денсаулығының мүмкіндігі шектеулі) студенттер үшін ең қолайлы деп қашықтықтан оқу форматын атайды, 24,3 %-ының оқытудың тиімді формалары мен сабақты ұйымдастыру туралы нақты түсініктері болмағандықтан, жауап беру қиынға соқты (3 сурет).

Сіздің ойыңызша, мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін (көру, есту, тірек-қимыл аппараты бұзылған) жоғары оқу орындарында оқытуды ұ...арушением опорно-двигательного аппарата)?

70 ответов



Сурет 3 – Оқытуды ұйымдастырудың формалары

«Егер сіз мүмкіндігі шектеулі студенттері (көру, есту немесе тірек-қимыл аппараты бұзылған) бар топтарда сабақ өткізуіңіз керек болса немесе

кажет болса, бұл сіз үшін әдістемелік жағынан қиындықтармен байланысты бола ма?» Оқытушылардың 65,7 %-ы қиындықтар бар екенін мойындады, бірақ оларды жеңуге болады.

11,4 %-ы елеулі қиындықтар жоқ деп есептейді, 8,6 %-ы қиындық жоқ, 12,9 %-ы бар және олар аса елеулі қиындықтар деп санайды (4 сурет).

Егер сізге мүмкіндігі шектеулі студенттер (көру, есту немесе тірек-қимыл аппараты бұзылған) бар топтарда оқу сабақтарын өткізу... вас с трудностями методического характера?

70 ответов



Сурет 4 – Әдістемелік сипаттағы қиындықтар

Респонденттердің 42,9 %-ы мүмкіндігі шектеулі студенттермен білім беру процесінде қолданылатын арнайы техникалық оқыту құралдарымен таныс, бірақ жалпы алғанда 40 %-ы мүлдем таныс емес (5 сурет).

Сіз мүмкіндігі шектеулі студенттердің (көру, есту немесе тірек-қимыл аппараты бұзылған) білім беру процесінде қолданатын арнайы тех...нарушением опорно-двигательного аппарата)?

70 ответов



Сурет 5 – Білім беру процесінде қолданатын арнайы техникалық оқыту құралдары


Қорыта келе, университет профессорлық-оқытушылық құрамының инклюзивті білім беру жүйесі шеңберінде ғылыми, әдістемелік әлеуетін

жетілдіруге ынталы, әрі ПОҚ жоғары оқу орындарында инклюзивті білім беруді тиімді ұйымдастыруда тәжірибелі мамандар көмегіне мұқтаж деген тұжырым жасалады.

Сауалнамаға қатысқан «Торайгыров университеті» студенттеріне бірнеше мазмұндағы сұрақтар қойылды. Сауалнама барлығы 216 білім алушыға жүргізілді, оның 60,2 %-ы 18-20 жаста, 20,4 %-ы 21-25 жаста, 9,7 %-ы 17 жаста және 25 жастан асқан (6 сурет). Респонденттердің 52,8 %-ы техникалық мамандықтарда, 22,7 %-ы әлеуметтік-гуманитарлық бағытта, 13,4 %-ы физика-математикалық бағытта, 10,6 %-ы жаратылыстану ғылымдары және т.б. мамандықтарда оқиды.

Сіздің жасыңыз: / Ваш возраст:

216 ответов




Сурет 6 – Студенттердің жасы

Студенттердің инклюзивті білім туралы ой-түсініктері әртүрлі. 46,8 % – «инклюзивті білім берудің ерекшеліктерін жақсы түсінеді және түсіндіре алады», 35,6 % – «инклюзивті білім туралы түсініктері шектеулі», 17,6 % – «мұндай білімнің мәнін түсінбейді және ұқпайды».

Университет студенттерінің 49,5 %-ы инклюзивті білім беру идеясын дұрыс көзқараспен бағалайды, 19,9 %-ы «инклюзивті білім беруге қатысты нақты ұстанымы жоқ», 13,4 %-ы «инклюзивті білім беру ұстанымын қабылдағысы келеді, бірақ бұл оқытудың дұрыстығына сенімсіздік танытады», 15,3 %-ы нақты жауап бере алмады (7 сурет).

Менің инклюзивті білімге деген көзқарасым: / Мое отношение к инклюзивному образованию:

216 ответов




- инклюзивті білім беру идеясына оң көзқараспен қараймын / положительно...
- мен инклюзивті білім беру ұстанымын қабылдағым келеді, бірақ мен бұл о...
- инклюзивті білім беруге қатысты нақты ұстанымым жоқ; / не имею че...
- инклюзивті білім беру идеясына теріс көзқарастамын; / отрицательно отно...
- нақты жауап бере алмаймын. / не могу ответить определенно.

Сурет 7 – Инклюзивті білімге деген көзқарас

Сауалнамаға қатысқан студенттердің 41,7%-ы жалпы топтардағы «әдеттегі, қалыпты» жоғары оқу орындарында оқуды орынды деп санайды. 31,5 %-ы «әдеттегі, қалыпты» топтарда, бірақ мамандандырылған топтарда, 13 %-ы мамандандырылған жоғары оқу орындарында деп жауап берсе, 13,9 %-ына жауап беру қиынға соқты (8 сурет).

Сіздің ойыңызша, мүмкіндігі шектеулі студенттерге (көру, есту, тірек-қимыл аппараты бұзылған) жоғары оқу орындарында оқытуды ...арушением опорно-двигательного аппарата)?

216 ответов



- Жалпы топтардағы "қарапайым" жоғары оқу орындарында / В «обыч...
- "Кәдімгі" жоғары оқу орындарында, бірақ жекелеген топтарда / В «обыч...
- Мамандандырылған жоғары оқу орындарында / В специализирован...
- Жоғары оқу орындарында оқу орынсыз / Не целесообразно обуче...
- Жауап беру қиын / Затрудняюсь ответить

Сурет 8 – Оқытуды ұйымдастыру форматтары


ЖОО-да оқытуды ұйымдастыру формасын анықтау кезінде білім алушылардың 48,6 %-ы күндізгі бөлімді дұрыс деп санаса, 24,1 %-ы қашықтықтан оқыту форматын, 22,7 %-ына жауап беру қиынға соқты.

Сауалнамаға қатысқандардың жартысынан сәл астамы (58,6 %) мүмкіндігі шектеулі студенттермен бір ағымда, бір топта білім алуларын психологиялық тұрғыдан аса күрделі мәселе деп есептемейді. 15,3 %-ы бір топта білім алудың қиындығы болатындығына аса сенімді болмаса да,

осы бағыттағы жауапты дұрыс деп санайды. Дегенмен, 17,1 %-ы кейбір психологиялық ыңғайсыздықтың орын алуы мүмкін деп есептейді, 8,8 %-ы мүмкіндігі шектеулі студенттермен бірге білім алуда түйінді де күрделі жағдайлар сөзсіз орын алады деген жауапты тандады (9 сурет).

Психологиялық тұрғыдан алғанда, мүмкіндігі шектеулі студенттер (көру, есту немесе тірек-қимыл аппараты бұзылған) бар топта оқ... нарушением опорно-двигательного аппарата)?

216 ответов



Сурет 9 – Психологиялық тұрғыдан қиындығы

«Университетте мүмкіндігі шектеулі студенттерді оқыту үшін барлық жағдай жасалған деп ойлайсыз ба?» деген сұраққа да студенттер тарапынан жауаптар алуан түрлі болды. Студенттердің 40,7 %-ы «иә», 30,1 %-ы «жеткіліксіз», 23,1 %-ы оң бағаларын берсе, 6 %-ы «жоқ» деп жауап берді. Бұл сауалнама қорытындысы білім алушыларға инклюзивті білім беру, студенттердің денсаулығының шектеулі мүмкіндіктері жағдайында оқыту ерекшеліктері туралы кеңірек білім қажеттігін анықтайды (10 сурет).

Университетте мүмкіндігі шектеулі студенттерді оқыту үшін барлық жағдай жасалған деп ойлайсыз ба? / Как Вы считаете, в вузе созд...ия студентов с ограниченными возможностями?

216 ответов



Сурет 10 – Университеттегі мүмкіндігі шектеулі студенттерді оқыту үшін жасалған жағдай

Көптеген студенттердің толеранттылық, білім беру жүйесінде инклюзивтілік аясында жаңа нәрсені үйренуге, көмектесуге, үйренуге деген ұмтылысы бар екендігі қуантады. Дегенмен оқытушылар мен білім алушылар үшін олардың мүмкіндігі шектеулі студенттермен өзара іс-қимылын дамытуға бағытталған арнайы оқу курстарын әзірлеуді оңтайландыру қажеттігін көрсетеді. Сонымен қатар, толеранттылықты, өміршендікті дамыту арқылы оқу және одан әрі кәсіби қызмет барысында студенттің психологиялық тұрақтылығын қалыптастыруға бағытталған арнайы бағдарламалар да қажеттігін анықтайды.

Қорытынды

Уақытпен қатар жүру үшін инклюзивті білім беруді енгізу жолында Қазақстан қиындықтарды еңсереді және туындаған мәселелерді, оның ішінде халықаралық тәжірибені енгізу арқылы шешуге ұмтылады: шетелдік, қазақстандық мектептерде педагог-ассистент-тьютор лауазымы енгізілді. ҚР педагогтері бейімделген спорт негіздерін үйренеді, француз әріптестерімен бірлесіп, бейімделген спортты мектеп бағдарламасына енгізу үшін арнайы бағдарламалар дайындайды. Оқу бағыты инклюзивті ойындар арқылы дамиды, оған қарапайым балалар да, ерекше балалар да қатыса алады. Қайырымдылық қорлары инклюзияны қолдау кабинеттерін ашатын болады, онда балалар мінез-құлықты қолданбалы талдау әдістемесі бойынша оқиды.

Инклюзивті білім беруді дамыту бұл мүмкіндігі шектеулі балаларға ғана емес, бүкіл білім беру жүйесіне арналған білім беруді дамыту. Бұл барлығына тең құқықта және тең жағдайда білім алуда жағдай жасайды.

Инклюзия идеясы ерекше оқушылардың қажеттіліктеріне жауап беретін қызметтердің үздіксіздігі болып табылады. Шетелде инклюзивті білім беру тәжірибесі мынаны көрсетті: әлеуметтену үшін ең жақсы мүмкіндіктерге олар үшін қолайлы білім беру ортасында қалған балалар ие. Әр баланың мектеп өміріне қатысуға құқығы бар, ол өзінің тұрғылықты жері бойынша тағайындалған мектепке баруы тиіс. Инклюзия кез-келген баланы әлеуметтік белсенділікке және білім беру бағдарламасына қосуды қамтиды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Есиргепова, В. Ж.** Инклюзивное образование в Казахстане : состояние, перспективы [Электронды ресурс]. – https://ksu.edu.kz/files/education/material_konf/%20Liqnosti%20/esirgepova_v_zh_inklyuzivnoe_obrazovanie_v_kazhastane.pdf%5d.

2 Инклюзивное образование в Казахстане : особенности и перспективы развития [Электронды ресурц]. – <https://www.nur.kz/family/school/1715660-inkluzivnoe-obrazovanie-v-kazahstane-i-za-rubezom/>.

3 **Кузгибекова, Г. М.** Инклюзивное образование : реальный опыт, проблемы, перспективы. – Караганда, 2011. – 31 с.

4 **Митчелл, Д.** Эффективные педагогические технологии специального и инклюзивного образования. – М. : РООИ «Перспектива», 2011. – 67 с.

5 **Алехина, С. В.** Готовность педагогов как основной фактор успешности инклюзивного процесса в образовании // Психологическая наука и образование. – 2011. – № 1. – С. 83–92.

6 Как развивается инклюзивное образование в Казахстане [Электронды ресурц]. – https://www.inform.kz/ru/kak-razvivaetsya-inklyuzivnoe-obrazovanie-v-kazahstane_a3841650.

7 Инклюзивное образование в Казахстане [Электронды ресурц]. – <https://astanait.edu.kz/2021/11/30/>.

8 Инклюзивное образование в РК: что предусмотрено в новом законопроекте [Электронды ресурц]. – <https://strategy2050.kz/ru/news/inklyuzivnoe-obrazovanie-v-rk-cto-predusmotreno-v-novom-zakonoproekte/>

9 Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 1 июня 2015 года № 348 «Об утверждении Концептуальных подходов к развитию инклюзивного образования в Республике Казахстан» [Электронды ресурц]. – https://www.ektu.kz/media/885717/kontseptualnye_podkhody_k_razvitiyu_iork.pdf.

10 **Ахметова, Д. З.** Инклюзивному образованию – быть // Высшая школа XXI века : альманах. – 2014. – № 21. – С. 72–73.

REFERENCES

1 **Esirgepova, V. Zh.** Inklyuzivnoe obrazovanie v Kazahstane : sostoyanie, perspektivy [Inclusive education in Kazakhstan : state, prospects] [Electronic resource]. – https://ksu.edu.kz/files/education/material_konf/%20Liqnosti%20/esirgepova_v_zh_inklyuzivnoe_obrazovanie_v_kazahstane.pdf%5d

2 Inklyuzivnoe obrazovanie v Kazahstane : osobennosti i perspektivy razvitiya [Inclusive education in Kazakhstan : features and development prospects] [Electronic resource]. – <https://www.nur.kz/family/school/1715660-inkluzivnoe-obrazovanie-v-kazahstane-i-za-rubezom/>

3 **Kuzgibekova, G. M.** Inklyuzivnoe obrazovanie : real'nyj opyt, problemy, perspektivy [Inclusive education : real experience, problems, prospects]. – Karaganda, 2011. – 31 p.

4 **Mitchell, D.** Effektivnye pedagogicheskie tekhnologii special'nogo i inkluzivnogo obrazovaniya [Effective Pedagogical Technologies for Special and Inclusive Education]. – Moscow : ROOI «Perspektiva», 2011. – 67 p.

5 **Alekhina, S. V.** Gotovnost' pedagogov kak osnovnoj faktor uspehnosti inkluzivnogo processa v obrazovanii [Readiness of teachers as the main factor in the success of the inclusive process in education] // Psihologicheskaya nauka i obrazovanie. – 2011. – № 1. – P. 83–92.

6 Kak razvivaetsya inkluzivnoe obrazovanie v Kazahstane [How inclusive education is developing in Kazakhstan] [Electronic resource]. – https://www.inform.kz/ru/kak-razvivaetsya-inkluzivnoe-obrazovanie-v-kazahstane_a3841650

7 Inkluzivnoe obrazovanie v Kazahstane [Inclusive education in Kazakhstan] <https://astanait.edu.kz/2021/11/30/>

8 Inkluzivnoe obrazovanie v RK: chto predusmotreno v novom zakonoproekte [Inclusive education in the Republic of Kazakhstan: what is provided for in the new draft law] [Electronic resource]. – <https://strategy2050.kz/ru/news/inkluzivnoe-obrazovanie-v-rk-chto-predusmotreno-v-novom-zakonoproekte/>

9 Prikaz Ministra obrazovaniya i nauki Respubliki Kazahstan ot 1 iyunya 2015 goda № 348 «Ob utverzhdenii Konceptual'nyh podkhodov k razvitiyu inkluzivnogo obrazovaniya v Respublike Kazahstan» [Order of the Minister of Education and Science of the Republic of Kazakhstan dated June 1, 2015 No. 348 «On approval of the Conceptual approaches to the development of inclusive education in the Republic of Kazakhstan»] [Electronic resource]. – https://www.ektu.kz/media/885717/kontseptualnye_podkhody_k_razvitiyu_iork.pdf.

10 **Ahmetova, D. Z.** Inkluzivnomu obrazovaniyu – byt' [Inclusive education to be] // Vysshaya shkola XXI veka : al'manah. – 2014. – № 21. – P. 72–73.

Материал 10.03.23 баспаға түсті.

**А. А. Мусагажинова¹, А. М. Турлыбекова², Ж. Д. Кабиденова³, Ж. Д. Жукешева⁴, М. Е. Нурғалиева⁵*

^{1,2,3,5}Торайғыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар;

⁴Казахский университет технологий и бизнеса,

Республика Казахстан, Астана қ.

Материал поступил в редакцию 10.03.23.

РЕАЛИЗАЦИЯ ИНКЛЮЗИВНОЙ ПОЛИТИКИ В СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ: СОСТОЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ

В представленной работе рассматриваются вопросы состояния инклюзивного образования в Казахстане, а также его перспективы в условиях возникающих проблем, связанных с недостаточной проработкой данного вопроса. Осознавая необходимость внедрения инклюзивного образования, предпринимаются меры адаптации детей с особыми потребностями к традиционным условиям обучения.

Совместное обучение детей здоровых и тех, что имеют особые образовательные потребности, становится необходимым для того, чтобы обеспечить социальную адаптацию последних. Дошкольное образование инклюзивного характера позволяет воспитать толерантность к людям с инвалидностью, так как малыши еще не имеют враждебных предубеждений против сверстников, родившихся не такими, как все. Инклюзивная образовательная система направлена на максимально высокий и продуктивный уровень межличностного взаимодействия, а каждый ученик может рассчитывать на помощь в любой сложной ситуации.

Однако, на сегодняшний день в системе инклюзивного образования остается ряд нерешенных проблем, связанных с тем, что многие педагоги не готовы менять традиционные методы обучения. Консервативно настроенные родители здоровых детей часто выступают против того, чтобы вместе с их ребенком учились дети с инвалидностью. Еще одной проблемой остается финансовый вопрос, когда большинство школ не имеют соответствующего оборудования и не имеют средств, чтобы приобрести нужные материалы, как учебные, так и бытовые. Именно поэтому рассмотрение данной проблемы социальной жизни требует детализации и всестороннего изучения.

Ключевые слова: инклюзивное образование, специальное образование, социализация детей, адаптация, инклюзивная политика.

*A. A. Musagazhinova¹, A. M. Turlybekova², J. D. Kabidenova³,
Zh. D. Zhukesheva⁴, M. E. Nurgaliyeva⁵

^{1,2,3,5}Toraighyrov University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar;

⁴Kazakh University of Technology and Business,

Republic of Kazakhstan, Astana.

Material received on 10.03.23.

IMPLEMENTATION OF INCLUSIVE POLICY IN THE SPHERE OF EDUCATION: STATUS AND PROSPECTS

The presented work examines the issues of the state of inclusive education in Kazakhstan, as well as its prospects in the face of emerging problems associated with insufficient elaboration of this issue. Realizing the need to introduce inclusive education, measures are being taken to adapt children with special needs to traditional learning conditions.

Joint education of healthy children and those with special educational needs becomes necessary in order to ensure the social adaptation of the latter. Pre-school education of an inclusive nature makes it possible to cultivate tolerance for people with disabilities, since babies do not yet have hostile prejudices against peers who were not born like everyone else. An inclusive educational system is aimed at the highest and most productive level of interpersonal interaction, and each student can count on help in any difficult situation.

However, today in the system of inclusive education there are a number of unresolved problems related to the fact that many teachers are not ready to change traditional teaching methods. Conservatively minded parents of healthy children often oppose the fact that children with disabilities study with their child. Another problem is the financial issue, when most schools do not have the appropriate equipment and do not have the funds to purchase the necessary materials, both educational and household. That is why the consideration of this problem of social life requires detailed and comprehensive study.

Keywords: inclusive education, special education, socialization of children, adaptation, inclusive policy.

Теруге 10.03.2023 ж. жіберілді. Басуға 29.03.2023 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

7,38 Мб RAM

Шартты баспа табағы 21,5.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4033

Сдано в набор 10.03.2023 г. Подписано в печать 29.03.2023 г.

Электронное издание

7,38 Мб RAM

Усл.п.л. 21,5. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4033

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.pedagogic-vestnik.tou.edu.kz